

ЭПОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Амангельді Аружан Жақыпжанқызы

Amangeldievaaruzhan07@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
филология факультетінің студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор Г.Б.Мамаева

Эпоним (грек. есім беруші) дегеніміз – жалқы есімдердің жалқы есімге айналуы. Бастапқыда бұл жалқы есімдер белгілі бір ортада ғана белгілі болып, қолданысқа ие болса, кейін әлемге таралып, жалпыхалықтық сипатқа ие болады. XX ғасырдың 60-80 жж. лексикалық бірлік (LE) «эпоним» әр түрлі тілдерде арнайы мақсатта, соның ішінде лингвистикалық термин ретінде пайда болды. Эпонимдердің өзекті мәселелеріне байланысты көптеген ғалымдар лингвистер және де өзге де ғылым салаларының өкілдері өздерінің жұмыстарын арнаған. Олардың қатарына А. Азимов, М.Г. Блау, В.Н. Губин, С.Д. Шелов С.Б. Королев, В.М. Лейчик және тағы басқа ғалымдарды атауымызға болады. Әрқайсысы эпонимға әр түрлі анықтама береді.

В. Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» еңбегінде: "эпоним - атақты тұлға, оның есімі кез келген басқа онимді құруға қызмет етеді" [1].

Н.В.Новинскаяның "Эпонимические названия в составе современной русской терминологии" еңбегінде эпонимдерді: "аттары терминдерді жасау үшін қолданылатын тұлғалар" деген [2]. В.М.Лейчик эпоним терминінің мағынасын нақтылайды түсе: "эпоним – бұл құрылым элементтері жеке атаулар болып алатын терминдер немесе тиісті нысандардың, құбылыстардың, бірліктердің авторларын білдіретін ғылым мен мәдениеттің белгілі қайраткерлерінің құрметіне берілетін атаулар (сенім терминдері)" дейді [3].

Эпоним терминдерге белгілі бір дәуір «қуәлары», ғылыми жаңалықтар ескерткіштері жатады. Эпоним атауларына әр саладағы ғалымдардың есімдерімен қатар, өткен ғасырларда өмір сүрген хандар, билер, басқа да белгілі адамдар есімдері енеді. Мысалы: *Қасым салған қасқа жол, Абылайдың ақ туы, Байтұрсынұлы әліпбиі*. Қазіргі тіл ғылымында эпоним терминдер қатары жыл сайын толығып, тіліміздің сөздік құрамын байыта түсуде. Қазіргі эпонимдер: филологиядағы - *Абайтану, Әуезовтану, Жұбановтану*, т.б. астрономиядағы - *Сәтпаевкіші планетасы*, геологиядағы - *Сәтбаев тау шыңы*, және т.б. Бұл атаулар тілдің әлеуметтік қызметін, динамикасын сипатын дәлелдейді. Термин эпонимдердің пайда болатын семантикалық өрістер білімнің нақты саласындағы, ұғымдық аппаратында антропонимдер ретінде қолдануындағы өзіндік ерекшеліктері байқалады. Ол терминология теориясында қарастырылады. Орыс әдебиетінде *эпоним* терминінің басқа да аталымы бар. Мысалы, мәдениеттанушы ғалым Д.С.Лотте оны «фамилиялық» (атаесімдік) деп атаған [4] Л.И. Шубов бұл терминдер туралы: «Эпонимдік терминдер біз жеке адамдар есімдерінен жасалған терминдерді айтамыз», дейді [5], ал Б.А.Лобач «құрамына жеке адам есімдері енетін терминдер немесе жалқы есімдер» деп жазады. Эпоним атауларының ерекшеліктеріне назар аударған алғашқы ғалым - Д.С.Лотте (1961ж.) ал оны әрі қарай дамытқан - В.П.Даниленко. Эпонимдік есімдерге байланысты мәселенің бірі - жеке адам есімінің семантикасы. Эпонимдік есімдер тобына ғылым, әдебиет, өнер, саясат қайраткерлерінің есімдерімен қатар ғылым тарихында алғаш жаңалық ашқан адамдар есімдері де жатады. Мысалы, *Бөкетов, Машанов, Сәтпаев, Менделеев* т.б. Жалқы есімдерінің семантикасының бір ерекшелігі бұлардың әр түрлі білім салаларындағы көптеген ұғымдарға атау ретінде жұмсауға болатындығы. Мысалы философиядағы бағыттардың, ағымдардың, мектептердің атаулары және сол бағыттар өкілдерінің аттарымен аталады.

Ғылымның, қоғам өмірінің (медицина, химия, физика, спорт, сән әлемі, әскери-теңіз істері және т.б.) түрлі салаларына қатысты қолданылатын эпоним-терминдердің типтері,

уәжділігі, жасалу жолдары, семантикалық, функционалдық аспектілеріне қатысты В. М. Лейчик, Н. В. Новинская, И. Ф. Протченко, Е. В. Варнавская, Е. М. Какзанова, В. А. Иконникова, А. А. Брагина, Ю. А. Гаврилейко, М. М. Дзюбаның еңбектерінде құнды ғылыми ой-пікірлер айтылған. В. М. Лейчик «эпоним» деп діни, мифологиялық кейіпкерлердің, батырлардың немесе нақты бір адамның аты берілген нысанды атайды. Сонымен қатар эпонимдердің медицина терминологиясында, математика, техника, география т.б. салаларға қатысты заттар мен өнімдердің, құбылыстардың, ғылыми әдіс-тәсілдердің атауы ретінде кәсіби лексикада қолданылатындығына назар аударады [5]. Мысалы, медицина терминологиясында айерс синдромы (*аргентиналық Айерс Абель дәрігері сипаттаған*), Миллер-Уайт-Лев синдромы (*американдық педиатрлар Роберт Варвик Миллер, Гарви Уайт және патолог Морзи Лев сипаттаған*), Брета синдромы (*француз дәрігері Дж. Брет сипаттаған*), Тауссиг-Снеллен-Альберс синдромы (*американдық педиатр Б. Тауссиг пен голланд кардиологтары Герман Адрианус Снеллен мен Фридрих Герман Альберс сипаттаған*), Ленегр синдромы (*француз кардиологы Джен Ленегр сипаттаған*) және т.б.; тағам атаулары Jacobs (*Иоганн Якобс*), M&M's (*Марс және Мьюррри*), Mars (*Форрест Эдвард Марс*), McDonald's (*Дик және Мак Макдональд*), Липтон (*Томас Липтон*), оливье (*Люсьена Оливье*) және т.б.; ақпараттық технологиялық салада Dell (*Майкл Делл*), HP (*Уильям Хьюлетт пен Дэвид Паккард*); киноиндустрияда The Walt Disney Company (*Уолтер мен Рой Дисней*), Оскар (*Оскар Пирс*) және т.б. сұлулық әлемінде Kylie cosmetic (*Кайли Дженнер*), Chanel (*Коко Шанель*), Dior (*Кристиан Диор*), Versace (*Джанни Версаче*), Armani (*Джорджо Армани*), Kenzo (*Кендзо Такадо*), Burbbery (*Томас Барберри*) және т.б.; Қазақстан тарихында Есім ханның ескі жолы, Хрущев жылымығы, Бөкей ордасы, Гурьев бекінісі және т.б., қазақ әдебиетінде Қорқыттың көрі, Ықыластың күйі және т.б.

1- кесте

Қазақстан тарихында	Қазақ әдебиетінде
Ноғай ордасы (Ноғай батырға байланысты) Әбілқайыр хандығы; Шайбани әулеті Қатаған қырғыны- Тұрсын хан мен қатаған руының қырылғаны Қалмақ қырылған Қасым ханның қасқа жолы Есім ханның ескі жолы Тәуке ханның заңдары; Гурьев бекінісі Хрущев жылымығы Бөкей ордасы Шыңғыс ұрпағы (Шыңғыс хан) Панфилов отряды (И.В.Панфилов) Кенесары көтерілісі (Кенесары Қасымұлы) Пугачев көтерілісі(Е.И.Пугачев) Махамбет-Исатай көтерілісі(Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы) Сырым Датұлы көтерілісі	Ықыластың күйі Қамбар күйі; Біржан сал «Жанбота» (Азнабай болыс пен Жанботаға деген ызасы); Қыдыр түні; Қорқыттың көрі Шұғаның белгісі Абайдың қарасөздері Байтұрсынұлы әліпбиі Абайтану Әуезовтану Жұбановтану

Жұлдыз атауларына қатысты

2-кесте

1	Сәтпаев планетасы	Қаныш Сәтпаев
---	-------------------	---------------

2	Шәмші жұлдызы	Шәмші Қалдаяқов
3	Димаш жұлдызы	Димаш Құдайбердіұлы
Қосымша	Қазіргі таңда танымал адамдардың құрметіне жанкүйерлері жұлдыздарды солардың құрметіне атау белең алып келеді. Яғни істелген еңбектің құрметіне емес, жұлдызды сатып алып, атаулар берілуде. Мысалы, Дима Билан, Лалиса Манобан, Максим Галкин, Ким Джонхен, NCT тобы, Чон Чонгук, Ким Тэхен және Чон Чонгук, Джастин Бибер және т.б.	

Тағам атауларына қатысты эпонимдер

3-кесте

1	Рахат тәттісі
2	Баян сұлу тәттісі
3	Тореш шайы
4	Қайрат Нұртас салаты
5	Асанәлі ішімдігі
6	Димаш шайы

Қазіргі таңда танымал адамдардың құрметіне жанкүйерлері жұлдыздарды солардың құрметіне атау белең алып келеді. Яғни ашқан жаңалықтың, істелген еңбектің құрметіне емес, жұлдызды сатып алып, атаулар берілуде. Мысалы, Валерия, Дима Билан, Лалиса Манобан, Максим Галкин, Ким Джонхен, NCT тобы, Чон Чонгук, Джастин Бибер, Ким Тэхен және т.б. Және кейбір тамақтану орталықтарына кіріп қалсаң, өзіңе таныс адам аттарын кездестіруге болады. Солардың бір мысалы, еліміздегі, әсіресе жастар арасында танымал тамақтану орталығынан Джон Сноу, Джонни Депп, Бузова, Зеленский, Бред Питт, Джеки Чан, Қайрат Нұртас (салат) есімдерін кездестіруге болады. Аталған мәселе бойынша, терминологияда жеке атауларды белсенді пайдалану соңғы уақытта термин жүйесі шегінде осы лексиканы мұқият зерттеу туралы пікір жиі айтылуына әкеп соқты.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда тек жалпыхалықтық эпонимдер қолданыста, күнделікті өмірімізде пайдаланып жүрген барлық заттарымыз адам аттарымен байланысты. Осы тұста эпонимдер жалпы тіл білімінің өзекті саласы екеніне көз жеткіземіз. Эпонимдер біздің қазақ тілімізде де баршылық. Қазақ тіл білімінде эпонимдер осы уақытқа дейін зерттелмеген қырлары мен айтылмаған сырлары көп. Терминолог ғалымдардың ғылыми еңбектерінде ғана тілге тиек етіп айтылып жүр. Ұлттық тілімізде де эпонимдерді салаға бөліп қарастыруымыз қажет. Тіліміздің тарихы мен әдебиеті, мәдениеті адам аттарымен тікелей байланысты. Эпонимдер – біздің мәдениетіміздің бір бөлігі, эпонимдерді әр сала мамандары үшін аса маңызды. Өйткені эпонимдер әр саланың тарихы мен даму жолдарынан хабар береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Подольская Н.В. Словарь ономастической терминологии. М.: Наука, 1978. 200 с.
2. Новинская Н.В. Эпонимические названия в составе современной русской терминологии: автореф. дис: 10.01.01. АН СССР Инс-т рус. яз., 1989. 19.
3. Лейчик В.М. Обсуждение проблем эпонимии в современной науки // Ассоциация лингвистов-экспертов Юга России.
4. URL: http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/leitchik_eponyms.71.
5. Лотте Д.С. Изменение значений слов как средство образования научно-технических терминов. // Известия АН ССР. Отдел технических наук. Москва, 1941. т.6 – 27.

6. Шубов Л.И. Практическая транскрипция и эпонимические термины //Топонимика и транскрипция. – Москва, 1964. – 16.\
7. Қарабаева Х.Ә. Адам аттарының терминденуі, ҚазҰУ хабаршысы, 2016